**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН**
**Ш Е Ш І М**

2025 жылғы 8 қаңтар №4712-24-00-2/4871 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Т.Бекболатов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық ісін қарап,

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының «Маңғыстау облыстық жоғары медициналық колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

**ЖАУАПКЕР:**
Жеке кәсіпкер «WINNER» атында әрекет етуші Тәуенова Айман Маратқызы

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушысы деп тану,

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 223-226, 229 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ**:

Талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «WINNER» атында әрекет етуші Тәуенова Айман Маратқызы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «WINNER» атында әрекет етуші Тәуенова Айман Маратқызы мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның

оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Бекболатов А.Т.

Копия верна

Судья Бекболатов А.Т.

Справка: Вступило в законную силу 10 февраля 2025 года

Судья Бекболатов А.Т.